БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# Ленин туы

ККП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ККП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 67 (9129) | 1953 жылғы 1 апрель Сәрсенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тиын.

*ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің бағаны жаңадан арзандату туралы қаулысы туысқан партиямыз бен үкметіміздің совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесін бұрынғыдан да арттыра беру жөніндегі жаңа қамқорлығы болып табылады.*

## *ССР Одағы Министрлер Советі мен Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде*

# Азық-түлік және өнеркәсіп товарларының мемлекеттік бөлшек сауда бағасын жаңадан арзандату туралы

ССР Одағы Министрлер Советі мен Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті **қаулы етті:**

1. 1953 жылғы 1 апрельден бастап азық-түлік және өнеркәсіп товарларына мемлекеттік бөлшек сауда бағасы төмендегі мөлшерде арзандатылсын:

### НАН, ҰН ЖӘНЕ МАКАРОН

| | |
|---|---|
| Қара бидай мен бидай ұнының наны, булка, баранка және басқа нан-булка тағамдары | 10 % |
| Қара бидай ұны, бидай ұны, жүгері ұны және басқа ұндар | 10 % |
| Макарон, вермишель, кеспе және басқа макарон тағамдары | 10 % |

### ЖАРМА, КҮРІШ, БҰРШАҚ ЖӘНЕ КОНЦЕНТРАТ ТАҒАМДАР

| | |
|---|---|
| Ақталған тары, гречиха жармасы, күріш, бұршақ және басқа жармалар, бұршақты дақылдар | 10 % |
| Концентрат тағамдар | 10 % |
| Құрғақ кисель және жеміс шырынынан дайындалған тағамдар | 15 % |

### АСТЫҚ ЖӘНЕ МАЛ ЖЕМІ

| | |
|---|---|
| Қара бидай, бидай, сұлы, арпа және басқа түрлі астық, кебек, жмых, шрот, құнарлы мал азығы, шөп және сабан | 10 % |

### ЕТ ЖӘНЕ ЕТ ТАҒАМДАРЫ

| | |
|---|---|
| Сиыр еті, қой еті, шошқа еті, құс еті, колбаса, сосиска, сарделька, котлет, ет, ет-өсімдік және май-бұршақ консервілері және басқа ет тағамдары | 15 % |

### БАЛЫҚ ЖӘНЕ БАЛЫҚ ТОВАРЛАРЫ

| | |
|---|---|
| Тоңазытқан, қатырған, тұздалған, сүрленген балық, май шабақ және балық консервілері орта есеппен | 10 % |

### МАЙ, ЖҰМЫРТҚА ЖӘНЕ МОРОЖЕНОЕ

| | |
|---|---|
| Мал майы, сары май, маргарин, өсімдік майы | 10 % |
| «Майонез» соусы және басқалары | 10 % |
| Жұмыртқа | 10 % |
| Мороженое | 10 % |

### КАРТОП, ОВОЩЬ ЖӘНЕ ЖЕМІС

| | |
|---|---|
| Картоп | 50 % |
| Қызылша | 50 % |

### ГАЛАНТЕРЕЙ ТОВАРЛАР

| | |
|---|---|
| Тоқыма, металл галантерей және былғарыдан, былғары орнына басқа заттан жасалған галантерей орта есеппен | 10 % |
| Өрілген заттар мен гардинно-тюль заттары | 10 % |
| Тігін, машина, кәсіпкерлік және басқа инелер | 20 % |
| Жіп және жіп бұйымдары | 10 % |
| Пластмассадан жасалған бұйымдар | 10 % |
| Тіс щеткасы, киім щеткасы және басқа щетка заттар орта есеппен | 15 % |

### САБЫН, ПАРФЮМЕРИЯ-КОСМЕТИКА ЖӘНЕ БАСҚА ТЕМЕКІ ЗАТТАР

| | |
|---|---|
| Шаруашылық сабыны | 15 % |
| Иіс сабын | 20 % |
| Иіс су, одеколон және басқа парфюмерия-косметика товарлары | 10 % |
| Жоғары сортты папирос | 10 % |
| Басқа сортты папиростар, сигарета мен темекі | 5 % |
| Махорка | 10 % |

### МӘДЕНИ ТОВАРЛАР ЖӘНЕ ОЙЫНШЫҚТАР

| | |
|---|---|
| Музыка аспаптары орта есеппен | 10 % |
| Жазу қағазы, дәптер, қағаз бен картоннан жасалған және басқа заттар | 10 % |
| Қарындаш, қаламұш, қаламсап және басқа жазу, сызу аспаптары | 15 % |
| Автомат қаламдар мен қарындаштар орта есеппен | 20 % |
| Резинадан, целлулоидтан, металдан жасалған ойыншықтар және басқа шырша ойыншықтары | 10 % |

### ФАРФОР, ФАЯНС ЖӘНЕ ШЫНЫ ЗАТТАР

| | |
|---|---|
| Фарфор және фаянс заттар орта есеппен | 15 % |
| Шыны, шам заттар және сапалы құйылған ыдыстар | 20 % |
| Сортты және шаруашылық шыны ыдыстар мен айна | 10 % |

### ШАРУАШЫЛЫҚҚА КЕРЕКТІ ТОВАРЛАР

| | |
|---|---|
| Электр шамдары | 25 % |

*Жаңа бесінші бесжылдықтың стахановшылары*

## 100 саулықтан 130 қозы



Қарапайым адамдардың әдетте өз табыстарына масаттанып даурықпайтыны, өзін-өзі көтермелеп мадақтамайтыны кімге болса да мәлім. Міне, олардағы осы қасиет «Көктерек» колхозының (Совет ауданы) мүшелері Алдабергенова Бикеш пен Бәйтенова Бижамалдың да мінездерінде бар. Бұлар сөзге сараң, өздері туралы аз айтады. Бірақ, бұлардың аз ғана сөздерінде үлкен мағна болады.

Екеуі де 1941 жылдан бері колхозда мал бағып келеді. Алғашқы 10 жыл бойына сиыр малын бақса, соңғы екі жылдан бері қой бағып жүр. Осы уақыттың ішінде екеуі колхоздың жүздеген аналық малын төлдетіп, олардың төлдерін өз қолдарынан өсіріп, табынға қосты. Осы еңбектері үшін колхозшылар бұларды [illegible]

...ра орындасақ, сонда табыс жөнінде айтуға болады, — деді.

Қазір бұлардың қарауында 333 қой бар, оның 254-і саулық, 100 саулық қоздады. Олардан 130 қозы алынды. Енді 154 саулық қоздауға тиіс. Бикеш пен Бижамал бұл саулықтардан 196 қозы алу үшін қолдан келген шараның бәрін істеуде.

Жылқы, сиыр малдарына салыстырғанда қойды бағып, күту ауыр болады. Демек, қой күтімді көп керек етеді. Оның күтімін азда болса, төменнен алсаң тез арықтайды содан кейін жетілдіріп алу қиынға соғады. Мұны жақсы түсінген Бикеш пен Бижамал алдымен мал қыстатуға, төл алуға жақсы әзірленді. Екеуі де жаз күндері жемшөп әзірлеуге, қой тұратын қораларды, төл тұратын үйлерді, үйшіктерді жөндеуге белсене қатысты. Сөйтіп, қойларының құнарлы азықпен, жылы, жарық, кең қоралармен қамтамасыз етілуіне жетісті.

Фермада қойды күтіп, азықтандырудың арнаулы графигі бар. Ол графикте қойға қай күні, қай мезгілде, қандай азық және ол азықтың қанша мөлшерде берілетіні белгіленген. Бикеш пен Бижамал бұл шарттарды мүлтіксіз жүзеге асырып отырады. Қойлардың түнде және күндіз де тұратын орындары таза сақталады.

